

# АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН БУКЛЕТ

## 3-ші САБАҚ

### БАЛАНЫҢ БІРЛЕСКЕН ОЙЫНДАРҒА ЖӘНЕ КҮНДЕЛІКТІ ҮЙ ЖҰМЫСТАРЫНА ҚАТЫСУЫНА ҚАЛАЙ КӨМЕКТЕСУ КЕРЕК



### *Баланы дамытуды үйренеміз*

ДДСҰ “Caregiver Training Skills” (балаларға күтім көрсетуді үйрету) бағдарламасын Қазақстан Республикасы үшін адаптау аясында ҚР ЕХӘҚМ ӘОД ҒПО, ҚР ДСМ РПДҒПО және ЮНИСЕФ бірлесіп әзірлеген

### 3-ші САБАҚ

#### БАЛАНЫҢ БІРЛЕСКЕН ОЙЫНДАРҒА ЖӘНЕ КҮНДЕЛІКТІ ҮЙ ЖҰМЫСТАРЫНА ҚАТЫСУЫНА ҚАЛАЙ КӨМЕКТЕСУ КЕРЕК

<b>МАЗМҰНЫ</b>	<b>БЕТ</b>
Бүкіл бағдарлама кестесі	2
Біз бүгін нені білетін боламыз	3
Самираның оқиғасы: Бала үшін бірге қатысу мүмкіндіктерін тудыру үшін ойындарды және күнделікті үй шаруасын пайдаланыңыз	4
Негізгі хабарлама № 1	8
Ойын деңгейлері	9
Ойындар	9
Негізгі хабарлама № 2	12
Ұсыным № 1	13
Ұсыным № 2	14
Ұсыным № 3	15
Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар	16
Сұрақтарға жауаптар	17
Әрі қарайғы қадамдар	18

<b>БҮКІЛ БАҒДАРЛАМА КЕСТЕСІ</b>		<b>Күні, уақыты, орны</b>
<b>Үйге бару 1</b>		
Телефон арқылы тіркеу		
<b>Сабақ 1</b>	<b>Баланы бірлескен іс-әрекеттерге қалай қатыстыру керек</b>	
Телефон арқылы тіркеу		
<b>Сабақ 2</b>	<b>Баланың бірлескен іс-әрекетке қызыға қатысуын қалай қолдау керек</b>	
Телефон арқылы тіркеу		
<b>Сабақ 3</b>	<b>Баланың бірлескен ойындарға және күнделікті үй жұмыстарына қатысуына қалай көмектесу керек</b>	
Келесі сабақ туралы СМС немесе WhatsApp арқылы еске салу		
<b>Сабақ 4</b>	<b>Баланың қарым-қатынасын қалай түсінуге болады</b>	
Келесі сабақ туралы СМС немесе WhatsApp арқылы еске салу		
<b>Сабақ 5</b>	<b>Баланың қарым-қатынас дағдыларын қалай дамыту керек</b>	
<b>Үйге бару 2 (5-ші және 6-шы сабақтар арасында)</b>		
<b>Сабақ 6</b>	<b>Баланы жағымсыз мінез- құлықтан қалай алдын ала сақтандыру керек әрі қызыға қатысуына және басқарылуына қалай көмектесу керек</b>	
Телефон арқылы тіркеу		
<b>Сабақ 7</b>	<b>Балаға жағымсыз мінез-құлық баламаларын қалай үйрету керек</b>	
Келесі сабақ туралы СМС немесе WhatsApp арқылы еске салу		
<b>Сабақ 8</b>	<b>Кішкентай қадамдардың көмегімен және ересектің мейлінше аз жәрдемімен балаға жаңа дағдыларды қалай үйрету керек</b>	
Келесі сабақ туралы СМС немесе WhatsApp арқылы еске салу		
<b>Сабақ 9</b>	<b>Өзімізге күтім көрсетуді ұмытпай, проблемаларды қалай шешу керек</b>	
<b>Үйге бару 3</b>		
<b>Қосымша сабақтар:</b>		

## ТОПТЫҚ САБАҚ 3

### БАЛАНЫҢ БІРЛЕСКЕН ОЙЫНДАРҒА ЖӘНЕ КҮНДЕЛІКТІ ҮЙ ЖҰМЫСТАРЫНА ҚАТЫСУЫНА ҚАЛАЙ КӨМЕКТЕСУ КЕРЕК

#### БІЗ БҮГІН НЕНІ БІЛЕТІН БОЛАМЫЗ:

- Сіздер күнде айналыса алатын бірлескен ойындар мен үй шаруасының бала үшін үйреншікті тәртібін қалай орнатуға болады
- Баламен байланыс орнатуға және оны бірлескен іске қатыстыруға сізге қалай көмектесуге болады. Бірлескен іс – балаңыз бір уақытта сізді және сіздердің ортақ әрекеттеріңізді байқайтын уақыт аралығы



**САМИРАНЫҢ ОҚИҒАСЫ: БАЛА ҮШІН БІРГЕ ҚАТЫСУ МҮМКІНДІКТЕРІН  
ТУДЫРУ ҮШІН ОЙЫНДАРДЫ ЖӘНЕ КҮНДЕЛІКТІ ҮЙ ШАРУАСЫН  
ПАЙДАЛАНЫҢЫЗ**



Менің есімім – Самира, мен жұбайыммен және отбасыммен шағын ауылда тұрамын. Біздің үш баламыз бар: Аида, Давид және Эмиль. Кенже ұлым Эмиль – ерекше бала. Қазір ол бес жаста, бірақ көп жағынан өз жасынан кіші көрінеді.

4



Үлкен балаларым Эмильмен жиі ойнауға тырысады және Эмиль олармен ойнамағанда көңілдері түседі. Кейде олар оны елемейді, ал Эмиль үшін мен қынжыламын.

Менің үлкен қызым мен ұлым ойыншықтарымен үнемі қызықты ойындар ойлап табады, ал Эмиль ұзақ уақыт бойы түрлі үй бұйымдарын

бір қатарға қоюмен айналысады, сол кезде өте риза болып көрінеді.



Уақыт өте келе мен бірлескен ойын Эмильге менімен қарым-қатынас жасауға көмектесе алатын маңызды әдіс екенін білдім.

Бірақ алдымен онымен қалай ойнауды білген жоқпын, өйткені, есейіп кеткелі қашан! Мен бала сияқты әрекет ете бастағанымда Эмиль оны түсінбеді. Өзімді ақымақ сезіндім, не істерімді білмедім.

Сондықтан, мен шынымен бірге ойнауды үйрендім.

Эмиль құрылыс жасағанды жақсы көреді. Енді мен білемін, ОҒАН ҚЫЗЫҚТЫ ЕКЕНІН БАЙҚАУ ҮШІН ҚАРАУ ЖӘНЕ ТЫҢДАУ – үздік әдіс.

Содан кейін мен оның ойыншықтармен істегеніне ЕЛІКТЕЙ аламын немесе сол ойыншықпен ЖАҢА ОЙНАУ ӘДІСТЕРІН көрсете аламын.

Уақыт өткен сайын мен Эмильді ойынға қатыстыруды және бірлескен ойын барысында уақытты көңілді өткізуді үйрендім.



Мен түсіндім, ойында пайдаланғанымның барлығын күнделікті үй шаруасында да пайдалана аламын.

Біз Эмильмен бірге үй шаруасын істегенде мен оны тыңдаймын, оның

әрекеттеріне қараймын да, еліктеймін. Бізде бірлескен жұмысты орындаудың белгілі бір тәртібі орнады.  
Мысалы, біз ыдыс жуғанда Эмиль әрдайым бірінші болып бастайды. Ал мен оның әрекеттеріне еліктеп, «Жуамыз!» деймін.



Ал базардан үйге келгенде Эмиль сөмкеден заттарды шығаруға көмектескенді жақсы көреді. Ол сөмкеден заттарды шығарады, ал мен оның әрекеттеріне ЕЛІКТЕЙМІН. Шығарып жатқанымды КӨРСЕТІП, «шығарамын» деймін, содан кейін нанды көрсетіп, «нан» деймін. Мен Эмильдің осы сөздерді өз бетінше айтып үйренгенін қалағандықтан осылай істеймін. Біз заттарды сөмкеден түгел шығарып біткенше кезек-кезек шығаруды жалғастырамыз.  
Бұл біздің сөмкеден заттарды шығарудың күнделікті тәртібіне айналды. Бұл екеуімізді де сүйсіндіреді.



Кейде Эмиль бұрынғыдай бірдеңеге қарап немесе еденде заттарды орналастырып, «тұқырып» қалатыны бар.  
Солдай істегенде мен мұнара тұрғызу үшін заттарды қалай басқаша қоюға болатынын оған көрсетемін. Сонда ол мен көп рет көрсеткендей жасай бастайды.



**Бірақ кейде, мен жаңа ойын әдістерін көрсеткім келгенде, ол мені итереді, кенеттен көңілі бұзылады.**

**Сонда мен оның шаршағанын немесе тоқтағысы келетінін білемін.**

**Сондықтан, үзіліс жасаймын немесе біраз уақыт бойы басқа бірдеңені істеп көреміз. Ойын қызықты болғаны және оған қуаныш сыйлағаны өте маңызды екенін білемін.**



## Негізгі хабарлама № 1

**БАЛАҒЫЗҒА ЖАҢА ДАҒДЫЛАРДЫ ҮЙРЕНУГЕ ЖӘНЕ ДАМУҒА КӨМЕКТЕСУ ҮШІН ОҒАН КҮНДЕЛІКТІ ҮЙ ШАРУАСЫНЫҢ ЖӘНЕ ОЙЫНДАРДЫҢ ҚАДАМ-ҚАДАМДЫҚ ОРЫНДАУ ТӘРТІБІН (ДАҒДЫЛЫ ТӘРТІБІН) ҰЙЫМДАСТЫРЫҢЫЗ**

Күнделікті істердің және ойындардың қадам-қадамдық орындау тәртібі **ДАҒДЫЛЫ ТӘРТІП** деп аталады. Дағдылы тәртіпке келесілер тән:

- Ересек пен баланың бірлесіп орындауы, әрқайсысының өз белсенді рөлі бар
- Дағдылы тәртіп нақты кішкентай қадамдар жиынтығынан тұрады, олардың әрқайсысының жалпы әрекетті құрауда өз мәні бар
- Балаға қадамдарды қызыға жаттап алуға көмектесу үшін дағдылы тәртіп қайта-қайта басталады және бір әдіспен көп рет қайталанады;
- Балаңызға бірлескен қарым-қатынас жасауды уақыт өткізуге көмектесу үшін ойындар мен үй шаруасының дағдылы тәртібін ұйымдастырыңыз
  - ✓ Сіз кәдімгі күнделікті істер мен ойындарды дағдылы тәртіпке айналдыра аласыз
  - ✓ Дағдылы тәртіп балаға тәжірибе жинауға және жаңа дағдыларды үйренуге көмектеседі

1

Саламыз!



2

Араластырамыз!



3

Саламыз!



4

Араластырамыз!



## ОЙЫН ДЕҢГЕЙЛЕРІ

				
<b>Адамдармен ойнау</b>	<b>Қарапайым ойындар</b>	<b>Құрастыраты н ойындар</b>	<b>Қарапайым рөлдік ойындар</b>	<b>Күрделі рөлдік ойындар</b>

**Балаңыздың ойындар деңгейін білу неліктен соншалық маңызды?  
Тым қарапайым ойындар жалықтыратын болып көрінуі мүмкін.**








**Тым күрделі ойындар баланың көңілін түсіруі немесе баланың түсінуі үшін қиын болуы мүмкін.**

**Балаңыздың деңгейінде ойнау оған ойын дағдыларын дамытуға және сіздер бірге ойнағанда қызығушылығымен бөлісуге көмектеседі.**

9

<b>ОЙЫНДАР!</b>
<ul style="list-style-type: none"> <li>• Балаңыздың ойын деңгейін білгенде сіз оның деңгейіне арналған ойындар тәртібін ұйымдастыра бастай аласыз.</li> <li>• Ойындар қарапайым (2-3 әрекет) немесе күрделі (қанша әрекет жасай алсаңыз, сонша әрекет) болуы мүмкін!</li> </ul>

<b>АДАМДАРМЕН ОЙНАУ</b>		
		
<b>Әткеншек тебу немесе қуаласпақ</b>	<b>Ән салу</b>	

ҚАРАПАЙЫМ ОЙЫНДАР		
		
<b>Домалату, итеру, сілкілеу, тартылдату</b>	<b>Бөлшектеу</b>	
ҚҰРАСТЫРАТЫН ОЙЫНДАР		
		
<b>Заттарды бірінің үстіне бірін қою</b>	<b>Ішіне салу, сыртына шығару</b>	<b>Құрылыс (үй, сарай, көлік)</b>
ҚАРАПАЙЫМ РӨЛДІК ОЙЫНДАР		
		
<b>Таныс әрекетті келтіру</b>	<b>Қуыршақтармен немесе жануарлардың мүсіншелерімен алғашқы ойындар</b>	
КҮРДЕЛІ РӨЛДІК ОЙЫНДАР		

		
<p><b>Ойын барысында қуыршақтар мен жануарларды тірі етіп елестету</b></p>	<p><b>Балалар өзін басқа адам деп елестетеді (басқа біреудің рөлін ойнайды)</b></p>	<p><b>Заттарды басқа бірдеңе түрінде елестету (бір затты басқа зат деп айту)</b></p>

**КІТАПТАРМЕН, ЖУРНАЛДАРМЕН НЕМЕСЕ СУРЕТТЕРМЕН ОЙНАУ**

 <p><b>Ересек суреттің атауын айтады; Бала қарайды және нұсқайды; Ересек әңгіме айтып береді</b></p>	 <p><b>Ересек пен бала кезек-кезек әңгіменің әр бетін талқылайды</b></p>
--	---

- Балаңызға ұнайтын немесе әлдеқашан істеп жүргендеріне ұқсас күнделікті істерді және ойындарды таңдаңыз.
- Бұрынғыдай, бірақ жаңа заттармен ойнатыңыз (мысалы, егер таяқпен текшені ұрған ұнаса, таяқпен барабанды немесе тостағанды ұруға болады)
- Немесе дәл сол заттармен жаңаша ойнаңыздар, бірақ тым күрделі болып кетпесін (мысалы, егер заттарды қораптан шығару ұнаса, заттарды қорапқа салуға болады)
- Адамдармен ойнау барлық жастағы және түрлі қабілеттері бар балаларға лайықты, бұл – қалыпты жайт! Бұл – сіз бен бала арасында байланыс орнату және заттармен ойналатын қарапайым ойындарды бастаудың керемет әдісі. Балаңыз есейіп, дамыған сайын сіз ойындарды өзгерте аласыз, күрделірек әдістермен ойнауды үйрете аласыз.

## Негізгі хабарлама № 2

### БАЛАҒЫЗ ҚАЛАЙ ОЙНАҒАНДЫ ЖАҚСЫ КӨРЕТІНІН БІЛІП АЛЫҒЫЗ ДА, ЖАҢА ОЙЫН ӘДІСТЕРІН КӨРСЕТЕҢІЗ

- Ойын барысында балалар түрлі дағдыларды, оның ішінде қарым-қатынас жасау дағдыларын үйренеді
- Басында балаға түрлі ойыншықтармен және заттармен ойнап үйрену үшін сіздің көмегіңіз керек болуы мүмкін



- Балалар ойнай алатын заттар көп және бір затпен ойнау әдістері көп. Біреуі оңайырақ, басқасы күрделірек.
- Балалар бірте-бірте күрделірек ойын әдістерін үйрене алады.
- Сіз балаға жаңа ойын әдістерін көрсете аласыз:
  - бір затпен немесе ойыншықпен
  - бір уақытта бірнеше затпен немесе ойыншықтармен
  - қуыршақтармен немесе жануарлардың мүсіншелерімен
  - басқа адамдармен
  - кітаптармен немесе журналдармен

## Ұсыным № 1

### ОЙЫНҒА ҚОСЫЛУ ҮШІН БАЛАНЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІНЕ ЕЛІКТЕҢІЗ

Балаңыз не істеп жатқанына **ҚАРАҢЫЗ ЖӘНЕ ТЫҢДАҢЫЗ**, балаңыз істегенді істеп, ойынға қосылыңыз

1



2



3



4



Еліктегенде сіз балаңыздың ойынға қатысты идеяларын қолпаштайсыз

Есіңізде болсын! Қайта көргіңіз келетін **ДҰРЫС ӘРЕКЕТТЕРГЕ** ғана еліктеңіз. Қиқар мінез-құлыққа (мысалы, лақтыруды) немесе сіз бен бала арасындағы өзара әрекеттестіксіз қайталана беретін мінез-құлыққа (мысалы, заттарды бір қатарға қою, заттарға ұзақ қарау) еліктемеңіз

Дағдылы ойын тәртібінде қадамдарды кезекпен жасау үшін сіз балаға жаңа қадамды көрсетіп жатқанда баланың көңілі түспеуі үшін заттар жұбымен болғаны жөн (біреуі балаға, біреуі сізге, мысалы, 2 көлік, 2 қуыршақ)

## Ұсыным № 2

### ОЙНАУ МҮМКІНДІКТЕРІН КЕҢЕЙТУ ҮШІН ЖАҢА ҚАДАМДАРДЫҢ ҮЛГІСІН КӨРСЕТҢІЗ

**КӨРСЕТИҢІЗ ЖӘНЕ АЙТЫҢЫЗ, жаңа қадам қосыңыз, оны көрсетіп жатқанда атауын атаңыз**

**Сізге ойын үлгісін жасау керек болғанда:**

- Сіз еліктей алмағанда (мысалы, бала ештеңе істемейді немесе дұрыс емес әрекеттер жасайды)
- Бала әрі қарай не істеу керек екенін білмегенде
- Бала бір әрекетті қайта-қайта жасап, «тұқырып» қалғанда
- Бала қызығушылығын жоғалтқанда және сізге оны қайтадан ойынға қатыстыру керек болғанда



- Ойынға жаңа қадамдар қоса отырып, сіз оның ұзақтығын арттырасыз және балаға бірлескен іске ұзағырақ қатысуға мүмкіндік бересіз
- Көп балаларға ойыншықтар пайдаланылатын ойындарды меңгеруде көмек керек

### Ұсыным № 3

#### БАЛА БІРЛЕСКЕН ІСКЕ ҚЫЗЫҒА ҚАТЫСА БЕРУІ ҮШІН ОЙЫНДЫ БАСЫНАН БАСТАП ҚАЙТАЛАЙ БЕРІҢІЗ

- Бірінші қадамыңыз қандай болды? Барлық қадамдарды жасағаннан кейін бірінші қадамнан қайта бастаңыз
- Ойынды тез қайтадан бастаңыз, бәрін көңілді және қызықты етуге тырысыңыз



- Қайталау ойынды ұзағырақ, оңайырақ және көңілдірек етеді
- Қайталау – жақсы іс! Балалар ойынды қайталау кезінде үйренеді.
- Балаңыздан бұрын сіз жалығып кетуіңіз әбден мүмкін



## ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

**Топтық сабақтан кейін өзіңізді тексеру үшін осы сұрақтарға жауап беріп көріңіз. Содан кейін осы тараудың аяқ жағында келтірілген дұрыс жауаптармен салыстырып тексере аласыз**

**Нұсқаулық:** Келтірілген нұсқалардың ішінен сұраққа ең лайықты жауапты таңдап, таңдаған жауап нұсқасын белгілеңіз. Содан кейін дұрыс жауап бердіңіз бе, тексеріңіз де, дұрыс жауапты шеңберге алыңыз

### Сұрақ 1

Самира Эмильдің ұзақ уақыт бойында еденде отырып, бір шарғы жіпті домалатып отырғанын көріп тұр. Ол баласымен ойнағысы келеді, сондықтан, баласының назарын өзіне аударуға және сонымен бір уақытта бірлескен іске зейін қоюға көмектесуі керек.

Самираға не істеген жөн?

- A. Тағы бір шарғы жіпті алып, еденде домалатып: «Домалатамыз! Домалатамыз!» деп, Эмиль осы істен шаршағанша қайталай береді.
- B. Тағы бір шарғы жіпті алып, Эмильге оны еңкіш беттіктен (мысалы, кітап бетімен) қалай домалату екенін көрсетіп, «Кеттік!» деп айтып, Эмиль сол әрекетті қайталағанша күте тұрады. Егер қайталамаса, оған тағы бір рет көрсетіп, «Кеттік!» деп айтады
- C. Эмильден шарғы жіпті алып, оны еңкіш беттіктен қалай домалату керек екенін көрсетеді.
- D. Эмильден шарғы жіпті алып, оған ойнайтын басқа зат тауып береді.

### Сұрақ 2

Эмильге бақта шыбық жинаған ұнайды, ал Самира оның осы қызығушылығы негізінде күнделікті үй шаруасын ұйымдастырғысы келеді. Ол шыбықтарды салуға болатын қорапты алады. Жаңа күнделікті іс бойынша ұлы үшін қызықты үйрену шарасын ұйымдастыру үшін ол не істей алады?

- A. Ол шыбықты жерден көтеріп, қорапқа салып, «Саламыз!» деп, Эмиль қайталап көруге тырысқанша күте тұра алады. Содан кейін әрекеттерді орындау реттілігі болуы үшін қорапқа тағы бір шыбық сала алады. Қорапқа шыбық түскен сайын «Саламыз!» деп қайталай алады
- B. Эмильге «Шыбықтарды жақсы табады екенсің!» деген сөздермен жігерлендіре алады
- C. Эмильден таба алатын барлық шыбықтарды жинап, қорапқа салуын өтініп, сол тапсырманы орындайтынын не орындамайтынын күте және көре алады
- D. А және В нұсқалары Эмиль үшін көңілді күнделікті іс ұйымдастыруға жарайды

## СҰРАҚТАРҒА ЖАУАПТАР

**Осы жерден алдыңғы бетте келтірілген өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтарға жауаптарды табасыз.** Сұрақтарға жауап берген соң ғана жауаптарды оқыңыз. Жауаптарды тексеріп болған соң, сұрақтар берілген бетті ашып, дұрыс жауапты шеңберге алыңыз

**Сұрақ 1. Дұрыс жауап В.** Тағы бір шарғы жіпті алып, Эмильге оны еңкіш беттіктен (мысалы, кітап бетімен) қалай домалату екенін көрсетіп, «Кеттік!» деп айтып, Эмиль сол әрекетті қайталағанша күте тұрады. Егер қайталамаса, оған тағы бір рет көрсетіп, «Кеттік!» деп айтады.

**Түсіндірме:**

Эмиль заттарды айналдыра беріп (қайталана беретін әрекеттерді жасайды), «тұқырып» қалады. Самира оған дәл сол затпен жаңа орынды ойнау әдісін көрсеткісі келеді. Эмильмен бірге ойынға қатысу үшін ол тағы бір шарғы жіпті алады. Ол КӨРСЕТ және АЙТ әдісін қолданады, яғни Эмильге шарғымен қарпайым ойын түрін үйрету үшін ойын үлгісін жасайды және оны жаңа «Кеттік!» сөзімен таныстырады.

**Неге А нұсқасы дұрыс емес:** Эмильдің әрекеттеріне еліктеу оны үйретуге септесе алмайды. Эмиль затқа қызығып тұр, Самираға назар аудармайды, белсенді өзара әрекеттестікке қатыспайды, жалғыз өзі шарғыны домалатып отыр.

**Неге С және D дұрыс емес:** егер Эмильге шарғымен ойнаудың жаңа әдістерін көрсету үшін болса да одан шарғыны тартып алса, оның көңілі бұзылады. Баланың әрекеттеріне еліктегенде бала ойнап отырған затты емес, басқа ұқсас затты алған дұрыс.

17

**Сұрақ 2. Дұрыс жауап D.** А және В нұсқалары Эмиль үшін көңілді күнделікті іс ұйымдастыруға жарайды.

**Түсіндірме:**

Самира Эмиль айналысып жатқан әрекетті (шыбық жинауды) орындай бастап, жаңа күнделікті әрекет ұйымдастыра алады, содан кейін оған жаңа қадам (шыбықтарды қорапқа салу және «Саламыз!» деп айту) көрсетеді. Үйрету келесі қадамдардан тұрады:

1) шыбықты көтереміз;

2) оны қорапқа саламыз да, «Саламыз!» деп айтамыз

Самира Эмиль екеуі әрекеттерді кезек-кезекпен орындағанын қалайды – сонда Эмильге оған назар аудару және бірлескен іске зейін қою оңайырақ

болады. Егер Самира Эмильге: «Шыбықтарды жақсы табады екенсің!» деген сөздермен жігер берсе, онда бұл іс балаға ұнамдырақ бола түседі және бала оны орындауды ынталана жалғастыратын болады.

**Негі С нұсқасы дұрыс емес:** егер Эмильден таба алатын барлық шыбықтарды жинап, қорапқа салуды өтінсе, бұл оған тапсырма болады, ал мұндағы мақсат – бірге қатысатын іс табу. Егер Эмиль шыбықтарды жалғыз өзі жинаса, онда тек затқа ғана қызығушылық білдіреді, бірақ басқа адамдарға назар аудармайды және олармен әрекеттеспейді. Самира Эмиль анасын да, олардың бірлескен әрекеттерін де байқауы үшін онымен белсенді өзара әрекеттестікті жолға қойғысы келеді, себебі, дәл осындай өзара әрекеттестік баланы үйрету үшін оңтайлы болып табылады.

#### **ӘРІ ҚАРАЙҒЫ ҚАДАМДАР**

- Келесі төртінші сабақта біз баламен қарым-қатынас жасау туралы, балаларға сөздер мен ым-ишаралар көмегімен қарым-қатынас жасауға қалай көмектесуге болатыны туралы білеміз. Сабақ \_\_\_\_\_ өтеді.
- Егер қандай да бір себеппен келесі сабаққа келе алмасаңыз, 5-ші сабаққа келіңіз.
- Өткізіп алған материалды меңгеруге көмектесу үшін 15 минутқа ертерек келіңіз.
- Өтінеміз, келесі сабаққа практика кезінде пайдалану үшін үйде пайдаланатын кейбір материалдарды алып келуге тырысыңыз.